

MEMLEKETTIK  
ANNUITETTIK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»  
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**



**БЕКІТІЛГЕН**  
**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»**  
**өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «25»**  
**мамырдағы №6 шешімі**

**ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН  
МЕРЗІМДІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ТОЛЫҚТЫРУ**

**Астана қ., 2026 ж.**

|                                                                                   |                                                                                                  |                          |        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|--------|
|  | «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ                              | Күні «25» мамыр 2025 жыл |        |
|                                                                                   | «МАК» ӨСК» АҚ-да қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидасы |                          | 2/3 б. |

## Қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидасына толықтыру

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «МАК» ӨСК» АҚ) Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 5 шілдедегі №5 шешімімен бекітілген Қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидасына (бұдан әрі - Қағида) мынадай толықтыру енгізілсін:

1) 65-1-тармақпен мынадай мазмұндағы толықтырылсын:

«65-1. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды есептелген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

Сақтанушы – жеке тұлға қарыз шартымен байланысты сақтандыру шартынан оны жасасқан күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде бас тартқан жағдайда, қарыз беруші осы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесі және (немесе) онымен байланысты комиссия бөлігінде қарыз шартының талаптарын қайта қарауға құқылы. Қайта қарау нәтижесінде қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің (комиссия мөлшерінің) мөлшері сақтандыру шартын жасасу талабынсыз осындай қарыз шарты жасалған күнгі қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінен (комиссиядан) аспауға тиіс.

Сақтанушы – жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін (қарызды) орындауына байланысты қарыз шартымен байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, сақтандырушы сақтанушы – жеке тұлғадан сақтандыру шартын бұзу туралы өтінішті алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды есептелген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтанушы – жеке тұлғаға қайтаруға міндетті».

2. Осы толықтыру «МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

|                                                                                   |                                                                                                  |                          |        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|--------|
|  | «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ                              | Күні «25» мамыр 2025 жыл |        |
|                                                                                   | «МАК» ӨСК» АҚ-да қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидасы |                          | 3/3 б. |

### Келісу кестесі

| Көшірмесі | Коды | Басылым | Өзектендіру үшін жауапты |     |
|-----------|------|---------|--------------------------|-----|
|           |      |         | Е.С. Сагишев             |     |
|           |      |         | күні                     | ЭЦҚ |
|           |      |         |                          |     |

| Нормативтік мерзімі | Келісуге келіп түскен күні | Аты-жөні         | Келісу нәтижесі          |      |
|---------------------|----------------------------|------------------|--------------------------|------|
|                     |                            |                  | Ескертулермен қайтарылды |      |
|                     |                            |                  | Күні                     | қолы |
| 3 күн               |                            | Абдрашева Э.Б.   |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Кульманова А.М.  |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Бопеева А.М.     |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Бекбасова А.Ж.   |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Татинбеков Т.С.  |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Макашева А.Г.    |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Баймуратова Г.Р. |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Абуова Ж.К.      |                          | ЭЦҚ  |
| 3 күн               |                            | Ерекеев Ж.С.     |                          | ЭЦҚ  |